



SHORTANDY NEWS

Аудандық қоғамдық-саяси газеті

ПРЕЗИДЕНТ



ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРОВЕЛ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Под председательством Президента Касым-Жомарта Токаева подведены итоги реализации Стратегии национальной безопасности Республики Казахстан на 2021-2025 годы.

Правительством был представлен отчет по достижению основных показателей. Информацию по ключевым направлениям также представили руководители ряда профильных государственных органов.

Глава государства обратил внимание на необходимость дальнейшей проработки вопросов общественной, экономической, экологической, водной и продовольственной безопасности с учетом геополитической ситуации.

Кроме того, в ходе заседания был рассмотрен проект Стратегии национальной безопасности Республики Казахстан на 2026-2030 годы.

Данная Стратегия призвана стать одной из важнейших составляющих системы государственного планирования, определяя основные подходы к противодействию ключевым вызовам, прогнозируемым на предстоящий пятилетний период.

Заслушана информация заместителя Премьер-министра – министра национальной экономики Серика Жумангарина о приоритетах, целевых индикаторах и механизмах управления стратегическими рисками на среднесрочный период.

Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что принятие новой Конституции знаменует собой новый этап становления государственности, обеспечивая надежную защиту Независимости, суверенитета и территориальной целостности Казахстана.

Стратегия, в свою очередь, призвана обеспечивать защиту конституционных принципов, создавая условия для стабильного и поступательного развития страны.

Глава государства акцентировал внимание на необходимости качественной реализации поставленных задач по защите национальных интересов; обеспечению обороноспособности; повышению уровня защищенности граждан, окружающей среды, информационного пространства; усилению мер кибербезопасности; снижению рисков в социально-экономической сфере.

Касым-Жомарт Токаев также поручил ускорить разработку программы, направленной на создание благоприятных условий для привлечения в страну квалифицированных иностранных специалистов в востребованные сектора экономики, технологий и образования.

t.me/aqorda_resmi

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ САУД АРАБИЯСЫ КОРОЛЬДІГІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕЛШІСІ ФАЙСАЛ ӘЛ-КАХТАНИДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Касым-Жомарт Токаев Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Токаев Тақ мұрагері, Сауд Арабиясының Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті.

– Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Токаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ ПОСЛА КОРОЛЕВСТВА САУДОВСКАЯ АРАВИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ФАЙСАЛА АЛЬ-КАХТАНИ

Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что Казахстан придает важное значение укреплению всестороннего сотрудничества с Саудовской Аравией.

Глава государства особо отметил личный вклад Наследного принца – Премьер-министра Саудовской Аравии Мухаммеда бен Салмана Аль Сауда в продвижение многогранного взаимодействия между нашими странами.

– Наследный принц Мухаммед бен Салман по праву считается сильным и авторитетным лидером глобального масштаба. Его дальновидная и прогрессивная стратегия развития Саудовской Аравии, а также огромная роль в укреплении международной стабильности и безопасности заслуживают самой высокой оценки и уважения, – сказал Президент Казахстана.

Глава государства подтвердил свое приглашение Мухаммеду бен Салману посетить Казахстан с государственным визитом.

t.me/aqorda_resmi

t.me/aqorda_resmi



ИЗМЕНЕНЫ СРОКИ: В АКМОЛИНСКОЙ
ОБЛАСТИ СТАРУЕТ ПРИЕМ В ПЕРВЫЙ
КЛАСС

С 10 июня в Акмолинской области начинается прием документов в первый класс, который продлится до 31 августа текущего года. В этом году кампания проходит с учетом новых особенностей, внедренных в рамках пилотного проекта Министерство просвещения Республики Казахстан совместно с Министерством цифрового развития Республики Казахстан.

Согласно установленным правилам, подать заявление можно двумя способами: через портал eGov.kz или непосредственно через канцелярию школы. Такие меры направлены на снижение нагрузки на электронные сервисы в период массовой подачи заявлений. Для удобства родителей в школах также организованы уголки самообслуживания с возможностью использования электронной цифровой подписи.

В первый класс принимаются дети с 6 лет, а также те, кому исполняется 6 лет в текущем году. Прием осуществляется по принципу доступности образования: школы обязаны принять всех детей, проживающих на закрепленной территории, независимо от уровня подготовки. При этом действует принцип «три к одному» — три ребенка с закрепленной территории и один — из другой, в порядке очередности подачи заявлений.

Отмечается, что дети, прошедшие дошкольную подготовку в данной организации образования, зачисляются автоматически при продолжении обучения в той же школе.


Для подачи заявления родителям необходимо предоставить стандартный пакет документов: заявление, удостоверение личности родителя, свидетельство о рождении ребенка, медицинские справки и фотографию установленного образца. При наличии полного пакета документов уведомление о приеме поступает в личный кабинет в течение одного рабочего дня. Зачисление осуществляется с 1 сентября, а приказ о приеме издается не ранее 25 августа.

Отказ в приеме возможен только в строго определенных случаях, таких как предоставление недостоверных документов, несоответствие требованиям, отсутствие согласия на обработку персональных данных или переполненность классов. В иных ситуациях родители вправе обратиться в органы образования.

Кроме того, внесены изменения в порядок оказания государственной услуги по переводу обучающихся между организациями образования. Теперь перевод осуществляется преимущественно в каникулярный период, однако предусмотрены исключения — например, при переезде, наличии решения суда или в случаях, связанных с обеспечением безопасности ребенка.

Подать заявление на перевод можно через портал eGov.kz либо при личном обращении в школу. Срок рассмотрения заявления составляет один рабочий день, а открепительный талон действителен в течение трех рабочих дней.

Собственный корреспондент редакции газеты



ИЗМЕНЕНЫ СРОКИ
ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ
В 1 КЛАСС

2 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АУТИЗМ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТ ТАРАТУ КҮНІ

Жыл сайын 2 сәуірде әлемде Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні атап өтіледі. Бұл күнді Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен және оның басты мақсаты – аутизм туралы қоғамның хабардарлығын арттыру, ерекше балаларды қолдау және инклюзивті ортаны дамыту.

Аталған күннің символы – көк түс. Әлемнің көптеген елдерінде ғимараттар көк түспен жарықтандырылып, аутизмге қатысты ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл — қоғамның қолдауы мен түсіністігінің белгісі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы деректеріне сәйкес, әлемде әрбір 100 баланың шамамен біреуінде аутизм спектрінің бұзылыстары кездеседі. Ал АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары мәліметінше, АҚШ-та бұл көрсеткіш 36 баланың біреуін құрайды (2023 жыл). Бұл көрсеткіштер диагностика сапасының артуын және қоғамдағы хабардарлық деңгейінің өсуін көрсетеді.

Мамандардың айтуынша, аутизмді ерте анықтау және уақытылы қолдау көрсету баланың дамуына үлкен әсер етеді. Инклюзивті білім беру, арнайы бағдарламалар және ата-аналарға қолдау көрсету — ерекше балалардың қоғамға бейімделуіне жол ашады.

Қазіргі таңда көптеген елдер инклюзивті саясатты дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізуде. Дегенмен, қоғамда әлі де түсінбеушілік пен стереотиптер кездеседі. Сондықтан бұл күннің маңызы зор.

Ұраны: «Әр бала ерекше – бірге түсінейік, бірге қолдайық!»

Газет редакциясынан



ШКОЛА И СЕМЬЯ: ДИАЛОГ РАДИ УСПЕХА ДЕТЕЙ

В средней школе состоялись родительские собрания для учащихся 5–6 и 7–8 классов, объединенные общей целью — укрепление сотрудничества между школой и семьей, а также создание благоприятных условий для развития и воспитания детей.

Собрание для родителей 5–6 классов прошло под темой «Учеба, успехи, задачи». В теплой и доверительной атмосфере участники обсудили ключевые вопросы учебного процесса, дисциплины и достижений школьников. Особое внимание было уделено анализу сильных сторон учащихся, а также моментам, требующим дополнительной поддержки. Совместно с родителями был намечен план работы на ближайшую четверть, направленный на то, чтобы обучение приносило детям не только знания, но и радость.

Родительское собрание в 7–8 классах прошло под символическим названием «Единство в семье — залог единства общества». В ходе встречи были затронуты важные аспекты воспитания подростков, роль семейных ценностей и значимость благоприятного психологического климата в семье. Родителям были даны практические рекомендации по укреплению детско-родительских отношений, развитию взаимопонимания и доверия.

По итогам мероприятий было подчеркнуто, что только в тесном взаимодействии школы и семьи возможно гармоничное развитие подрастающего поколения. Классный руководитель Коваль

2 АПРЕЛЯ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ
РАСПРОСТРАНЕНИЯ ИНФОРМАЦИИ ОБ
АУТИЗМЕ

Ежегодно 2 апреля во всем мире отмечается Всемирный день распространения информации об аутизме — дата, учрежденная Организацией Объединенных Наций с целью привлечь внимание общества к вопросам аутизма и поддержке людей с расстройствами аутистического спектра (РАС).

Этот день служит важным напоминанием о необходимости формирования инклюзивного общества, где каждый человек, независимо от особенностей развития, имеет право на понимание, образование и полноценную жизнь. Символом даты стал синий цвет — знак поддержки и солидарности. По всему миру в этот день проходят акции «Light It Up Blue», когда здания и памятники подсвечиваются голубым светом.

По данным Всемирная организация здравоохранения, примерно 1 из 100 детей в мире имеет расстройства аутистического спектра. При этом эксперты подчёркивают, что показатели могут варьироваться в зависимости от уровня диагностики и информированности в разных странах. Согласно Центры по контролю и профилактике заболеваний США, в США аутизм диагностируется примерно у 1 из 36 детей (данные 2023 года), что отражает рост выявляемости и улучшение диагностических методов.

Специалисты отмечают, что ранняя диагностика и поддержка играют ключевую роль в развитии детей с аутизмом. Инклюзивное образование, доступ к терапии и поддержка семей помогают детям раскрыть свой потенциал и успешно интегрироваться в общество.

Сегодня все больше стран внедряют программы поддержки и инклюзии, однако проблема стигматизации и недостаточной информированности остаётся актуальной. Именно поэтому такие даты, как 2 апреля, имеют особое значение.

Девиз дня:
«Каждый ребёнок особенный – давайте понимать и поддерживать вместе!»
От редакции газеты



АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

«АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ»
ТАҚЫРЫБЫНДА СЫНЫП САҒАТЫ ӨТТІ

Шортанды кентіндегі №3 жалпы білім беретін мектепте 11-сынып оқушылары арасында «Ата заң – мемлекет тірегі» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын терең түсіндіру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру болды. Сынып сағаты барысында білім алушылар Ата Заң туралы жан-жақты мәлімет алып, оның қоғамдағы орны мен рөлін талқылады.

Шара барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Пікір алмасу алаңында әртүрлі көзқарастар айтылып, құқықтық тақырыпта сұрақ-жауап айдары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, тақырыпқа сәйкес бейнематериалдар көрсетіліп, олардың мазмұны оқушылармен бірге талқыланды.

Аталған сынып сағаты оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін кеңейтіп қана қоймай, олардың заңға деген құрметін арттыруға ықпал етті. Мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда құқықтық сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу – қоғамның басты міндеттерінің

бірі. Осындай мазмұнды сынып сағаттары оқушылардың ел болашағына бейжай қарамайтын, заңды құрметтейтін азамат болып қалыптасуына негіз болады.

«Shortandy News»



Шортандинская РТИ КГИ в АПК МСХ РК сообщает функцию доверия 87162251866, 87163121914, Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по государственному контролю за качеством оказания государственных услуг телефон 87162 518133.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шортанды-Гранит» ЖШС Ақмола облысы Шортанды ауданы Бектау кен орнында табиғи қиыршық тас (құрылыс тасын) өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау а., Мықтыкөл а.

Учаскениң географиялық координаттары: 51°45'29.92»с.е., 69°06'32.09»ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Бектау а. (51.772780 с.е., 71.223547ш.б.), Мықтыкөл а. (51.772780 с.е., 71.223547 ш.б.).

Тыңдаулар келесі мекен-жай бойынша өтеді:

12.05.2026 ж.сағат 15:00-де Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау а. о., Бектау ауылы, мектеп ғимараты, Қонаев к-сі, 3. Мықтыкөл ауылының мүдделі тұлғаларына қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік ұйымдастыры-

лады. Қосымша ақпарат тел. – 87010802200.

Сондай-ақ тыңдаулар ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында өтеді, конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybm91Wm91d0U0Q4UT09>.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – «Шортанды-Гранит» ЖШС, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды а., Абылай хан көшесі, 21 үй, БСН 060240001382.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Г ш.а., тел.: 8 (776)1124854.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банк» [https://](https://hearings.ndbecology.gov.kz/)

hearings.ndbecology.gov.kz/ порталында танысуға болады, сондай-ақ «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел: 8 (776) 112 4854.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекен-жай бойынша қабылданады: «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекенжайы: upr.expertiza@mail.ru, сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Шортанды-Гранит» проводит общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к плану горных работ на добычу естественного щебня (строительного камня) на месторождении Бектау Шортандинского района Акмолинской области.

Перечень административно-территориальных единиц на территорию которых может быть оказано воздействие: Акмолинская область, Шортандинский район, с. Бектау, с. Мыктыколь.

Географические координаты участка: 51°45'29.92»с.ш., 69°06'32.09»в.д.

Географические координаты территории воздействия: с. Бектау (51.772780 с.ш., 71.223547в.д.), с. Мыктыколь (51.772780 с.ш., 71.223547 в.д.).

Слушания состоятся: 12.05.2026 г. в 15:00 ч. по адресу: Акмолинская область, Шортандинский район, а.о. Бектау, с.Бектау, здание школы, ул. Конаева 3. Заинтересованным лицам села Мыктыколь будет организован транспорт для принятия участия на общественных слуша-

ниях. Дополнительная информация по тел. – 87010802200.

Также слушания пройдут в формате видеоконференцсвязи ZOOM Meeting Cloud, идентификация конференции: 413 945 6516 Код доступа: 777, ссылка: <https://us06web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybm91Wm91d0U0Q4UT09>.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «Шортанды-Гранит», Акмолинская область, Шортандинский район, пос. Шортанды, ул. Абылай хана, д. 21, БИН 060240001382.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 8 (776)112-4854.

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный

банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов по e-mail: alait@mail.ru и по тел: 87761124854.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» г. Кокшетау, ул. Абая 89, тел.: 8(7162)401403, электронный адрес upr.expertiza@mail.ru, а также на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

БІЛІМ ДОДАЛАРЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖЕТИСТІКТЕР

2026 жылғы 26–27 наурыз күндері Астана қаласында бастауыш сынып мұғалімдері арасында «Алтын тұғыр» республикалық математикалық олимпиадасының қорытынды кезеңі өтті. Нәтижесінде Төңкеріс бекетінің негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Потапенко Оксана Юрьевна жүлделі ІІІ орынға ие болды. Бұл – ұстаздың кәсіби шеберлігі мен білім беру ісіне қосқан зор үлесінің айқын дәлелі.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 20–26 наурыз аралығында 9–11 (12) сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы биология және физика пәндері бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі өтті. Бұл білім сайысында Ақмола облысының оқушылары жоғары нәтижелер көрсетіп, 1 алтын, 2 күміс, 4 қола медаль және 2 мақтау грамотасын иеленді.

Жұлдегерлер қатарында Жолымбет кентіндегі №1 жалпы орта білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы Герасимова Валерия да бар. Ол биология пәні бойынша қатысып, ІІІ жүлделі орынға ие болды. Оқушының жетекшісі — Кимасова Наталья Михайловна.

Аталған жетістіктер – ұстаз бен оқушының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Мұндай табыстар өңіріміздегі білім сапасының жоғары деңгейін көрсетіп, жас ұрпақты ғылым мен білімге ұмтылуға ынталандырады.

Редакция пікірі:

Білім мен ғылым жолындағы әрбір жеңіс – ел болашағына қосылған үлкен үлес. Ұстаздар мен оқушылардың осындай жетістіктері – тынымсыз еңбектің, ізденістің және кәсіби шеберліктің нәтижесі. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да жаңа биіктерді бағындыруларына тілектеспіз.

Аудандық газет редакциясы

ЯРКИЕ ДОСТИЖЕНИЯ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

26–27 марта 2026 года в городе Астана состоялся заключительный этап республиканской математической олимпиады «Алтын тұғыр» среди учителей начальных классов. По итогам конкурса учитель основной средней школы станции Тонкерис Потапенко Оксана Юрьевна заняла почетное ІІІ место, продемонстрировав высокий уровень профессионализма.

В этот же период, с 20 по 26 марта, прошёл заключительный этап республиканской олимпиады по предметам естественно-математического направления — биологии и физике — среди учащихся 9–11 (12) классов. Учащиеся Акмолинской области показали достойные результаты, завоевав 1 золотую, 2 серебряные и 4 бронзовые медали, а также 2 похвальные грамоты.

Среди призеров — ученица 9 класса школы №1 посёлка Жолымбет Герасимова Валерия, которая заняла ІІІ место по биологии. Её наставник — Кимасова Наталья Михайловна.

Эти достижения являются результатом совместного труда учителей и учеников, а также подтверждают высокий уровень образования в регионе. Они вдохновляют молодое поколение стремиться к знаниям и новым вершинам.

Мнение редакции:

Каждая победа в сфере образования — это вклад в будущее страны. Подобные успехи — результат упорного труда, стремления к знаниям и преданности своему делу. Искренне поздравляем победителей и желаем дальнейших достижений.

Редакция районной газеты



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шортанды-Гранит» ЖШС Ақмола облысы Шортанды ауданының Бектау кен орнында табиғи қиыршық тасты (құрылыс тасын) өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау а., Мықтыкөл а.

Учаскенің географиялық координаттары: 51°45'29.92»с.е., 69°06'32.09»ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Бектау а. (51.772780 с.е., 71.223547ш.б.), Мықтыкөл а. (51.772780 с.е., 71.223547 ш.б.).

Тыңдаулар келесі мекен-жай бойынша өтеді:

12.05.2026 ж.сағат 16:00-де Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау а. о., Бектау ауылы, мектеп ғимараты, Қонаев к-сі, 3. Мықтыкөл ауылы-

ның мүдделі тұлғаларына қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік ұйымдастырылады. Қосымша ақпарат тел. – 87010802200.

Сондай-ақ тыңдаулар ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында өтеді, конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516 кіру коды: 777, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0JybmgiWGdqU0Q4UT09>.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы – «Шортанды-Гранит» ЖШС, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды а., Абылай хан көшесі, 21 үй, БСН 060240001382.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский 4Ғ ш.а., тел.: 8 (776)1124854.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі ту-

ралы ұлттық деректер банк» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> порталында танысуға болады, сондай-ақ «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: alait@mail.ru және тел: 8 (776) 112 4854.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: «Ақмола облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекенжайы: ur.expertiza@mail.ru, сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

ОБЪЯВЛЕНИЕ

наева З. Заинтересованным лицам села Мытыколь будет организован транспорт для принятия участия на общественных слушаниях. Дополнительная информация по тел. – 87010802200.

Также слушания пройдут в формате видеоконференцсвязи ZOOM Meeting Cloud, идентификация конференции: 413 945 6516 Код доступа: 777, ссылка: <https://us06web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0JybmgiWGdqU0Q4UT09>.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор – ТОО «Шортанды-Гранит», Акмолинская область, Шортандинский район, пос. Шортанды, ул. Абылай хана, д. 21, БИН 060240001382.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Ғ, тел.: 8 (776)112-4854.

Ознакомиться с документами, выносимыми

на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Можно получить дополнительную информацию о намеряемой деятельности, а также запросить копии документов по e-mail: alait@mail.ru и по тел: 87761124854.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» г. Кокшетау, ул. Абая 89, тел.: 8(7162)401403, электронный адрес ur.expertiza@mail.ru, а также на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

**ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА
«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖАБЫҚ»
СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ ӨТТІ**

Шортанды ауданында Жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Нашақорлыққа жол жабық» атты семинар-тренинг ұйымдастырылды. Іс-шараға коуч, қоғамдық кеңес мүшесі және «Шортанды News» газетінің редакторы Бибит Молдазиятов, аудандық аурухананың дәрігер-нарколог психиатры Татьяна Зеленская және аудандық полиция бөлімінің қылмыстық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі Мәди Исакаов қатысты.

Кездесу барысында қатысушыларға арнайы видеороликтер көрсетіліп, Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері түсірген қысқаметражды фильм ұсынылды.

Мамандар жастарға есірткінің адам өмірі мен денсаулығына тигізетін зияны туралы түсінікті әрі қызықты форматта ақпарат беріп, құқықтық тұрғыда маңызды мәліметтермен бөлісті.

Басты мақсат – жастарды саналы таңдау жасауға бағыттау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Нашақорлыққа жол жоқ!
Болашағың – өз қолыңда!

Аудандық газет редакциясының меншікті тілшісі

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

**В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ПРОШЁЛ
СЕМИНАР-ТРЕНИНГ «НАШАҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖАБЫҚ»**

В Шортандинском районе по инициативе Молодёжного ресурсного центра состоялся семинар-тренинг «Нашақорлыққа жол жабық». В мероприятии приняли участие коуч, общественный деятель, редактор газеты «Шортанды News» Бибит Молдазиятов, врач-нарколог психиатр районной больницы Татьяна Зеленская, а также оперуполномоченный отдела криминальной полиции районного отдела полиции Мәди Исакаов.

В ходе встречи участникам были показаны видеоролики и короткометражный фильм, подготовленный сотрудниками Молодёжного ресурсного центра.

Специалисты в доступной и интересной форме рассказали молодёжи о вреде наркотиков для здоровья и жизни человека, а также поделились важной правовой информацией.

Главная цель — формирование осознанного выбора у молодёжи и пропаганда здорового образа жизни.

Скажи наркотикам НЕТ!
Твоё будущее — в твоих руках!

Собственный корреспондент редакции газеты



**«КҮМІС ЖАС» БАҒДАРЛАМАСЫ – 50
ЖАСТАН АСҚАН ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ЖАҢА
МҮМКІНДІК**

«Күміс жас» – жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған 50 жастан асқан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жалақысын субсидиялай отырып құрған арнайы жұмыс орны.

Бағдарламаның негізгі шарттары:

Жұмыстың ұзақтығы 36 айдан аспайды; аяқталғаннан кейін қатысушыға тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жалақыны жұмыс беруші белгілейді және төлейді. Мемлекет алғашқы 12 айда жалақының 70%-ын, 13–24 айда 65%-ын, 25–36 айда 60%-ын төлейді. Алайда субсидия 30 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Жолдама алу үшін тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына жүгіну қажет.

Бұл бағдарлама – тәжірибесі бар, белсенді азаматтарға тұрақты жұмысқа орналасуға және табысын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді жоба.

Редакция аудандық газеті, материалдар
Шортанды Ауданы Мансап Орталығы бойынша

**«СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЗРАСТ» – НОВАЯ
ВОЗМОЖНОСТЬ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА
ГРАЖДАН СТАРШЕ 50 ЛЕТ**

«Серебряный возраст» – это рабочее место, созданное работодателем с субсидированием заработной платы для трудоустройства безработных лиц старше 50 лет, не достигших пенсионного возраста.

Основные условия программы:

Продолжительность работы не более 36 месяцев; по завершении участнику предоставляется постоянное рабочее место до выхода на пенсию.

Заработная плата устанавливается и выплачивается работодателем. Государство покрывает первые 12 месяцев 70% заработной платы, с 13 по 24 месяц — 65%, с 25 по 36 месяц — 60%, но не более 30 месячных расчетных показателей (МРП). Для получения направления необходимо обратиться в карьерный центр по месту жительства.

Программа «Серебряный возраст» даёт возможность опытным гражданам трудоустроиться и обеспечить стабильный доход, а работодателям — привлечь квалифицированных специалистов.

Редакция районной газеты, материалы
Карьерного центра Шортандинского района

**БҰЛАНДЫ АУДАНЫНДА ҚАЗАҚ
КҮРЕСІНЕН КІШІ ЖАСӨСПІРІМДЕР
АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ**

2026 жылғы 27 наурыз күні Бұланды ауданында қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасында ашық турнир ұйымдастырылды. Осы сайысқа Шортанды БЖСМ-нің қазақ күрес бөлімінің тәрбиеленушілері қатысып, бірнеше жүлделі орындарға ие болды.

Жеңімпаздар:

Манасұлы Нұрәли — 50кг дәрежесінде бірінші орын

Жұмай Ринат — 50кг дәрежесінде екінші орын

Елдос Жарқын — 42кг дәрежесінде үшінші орын

Дәрмен Мұхаммедәли — 42кг дәрежесінде үшінші орын

Хуан Санжар — 29кг дәрежесінде үшінші орын

Жанбыршы Жанахмет — +55кг дәрежесінде үшінші орын

Қазақ күрес бөлімінің жаттықтырушысы-оқытушысы Орал Айдын Ғабитұлы шәкірттерінің табыстарын атап өтті.

Құттықтаймыз! Шортанды БЖСМ-нің жас спортшылары алдағы жарыстарда да жаңа жетістіктерге жетеді деп сенеміз.

**В БУЛАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ПРОШЁЛ
ОТКРЫТЫЙ ТУРНИР ПО КАЗАХСКОЙ
БОРЬБЕ СРЕДИ МЛАДШИХ ПОДРОСТКОВ**

27 марта 2026 года в Буландинском районе состоялся открытый турнир по казахской борьбе среди младших подростков. В соревнованиях приняли участие воспитанники отделения казахской борьбы Шортандинского БЖСМ, завоевавшие несколько призовых мест.

Победители:

Манасулы Нурәли — 50 кг первое место

Жұмай Ринат — 50 кг второе место

Елдос Жарқын — 42 кг третье место

Дәрмен Мұхаммедали — 42 кг третье место

Хуан Санжар — 29 кг третье место


Жанбыршы Жанахмет — +55 кг третье место

Тренер-преподаватель отделения казахской борьбы Орал Айдын Ғабитұлы отметил успехи своих воспитанников.

Поздравляем! Уверены, что юные спортсмены Шортандинского БЖСМ продолжат радовать новыми достижениями на предстоящих соревнованиях.

«Shortandy News»

«Shortandy News»



АУЫЛДАҒЫ ӨМІР

ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА
50-ШІ СЕССИЯ ӨТТІ

Шортанды ауданы әкімдігінің мәжіліс залында сегізінші шақырылымның кезекті 50-ші сессиясы өтті. Оған аудан әкімі С.Шабаров, Қоғамдық кеңес мүшелері, ауылдық округтер мен кент әкімдері, сондай-ақ аудан бөлімдері мен ұйымдарының басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі басты мәселе – «Шортанды ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы есебі». Аудан әкімі баяндама жасап, есепті кезеңдегі негізгі жетістіктерге тоқталып, әлеуметтік-экономикалық даму, абаттандыру, инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті дамыту, экологиялық мәселелерді шешу бағытындағы жоспарлар мен өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі баяндады.

Сессия барысында депутаттар талқылауға қатысып, сұрақтар қойып, алдағы жұмыстарды күшейтуге қатысты ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар, аудандық бюджетке, әлеуметтік көмек көрсету және тұрғын үй көмегін беру тәртібіне өзгерістер енгізіліп, кейбір ұйым қызметкерлеріне ынталандырушы үстемеақылар белгіленді.

Бұл сессия ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты бағыт беріп, тұрғындарға тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызды.

Редакция аудандық газеті

В ШОРТАНДИНСКОМ РАЙОНЕ ПРОШЛА
50-Я СЕССИЯ

В зале заседаний акимата Шортандинского района состоялась очередная 50-я сессия восьмого созыва районного маслихата. В работе сессии приняли участие аким района С.Шабаров, члены Общественного совета, акимы сельских округов и поселков, а также руководители районных отделов и организаций.

По повестке дня основным вопросом стал «Отчет акима Шортандинского района о выполнении возложенных на него функций и обязанностей». Аким выступил с докладом, подробно осветив основные достижения отчетного периода, вопросы социально-экономического развития, благоустройства, привлечение инвестиций, развитие малого и среднего бизнеса, а также решение экологических проблем.

В ходе сессии депутаты участвовали в обсуждении, задавали вопросы и высказывали предложения по дальнейшему укреплению работы. Также были внесены изменения в районный бюджет, порядок предоставления социальной помощи и жилья, сотрудникам некоторых организаций установлены стимулирующие надбавки.

Сессия дала четкое направление социально-экономическому развитию района и позволила принимать решения, выгодные для жителей.

Редакция районной газеты



ПАВОДКОВАЯ СИТУАЦИЯ
В РЕГИОНЕ ПОД КОНТРОЛЕМ

В регионе паводковая ситуация остаётся стабильной и проходит в штатном режиме. Затяжная весна с ночными заморозками позволила безопасно пройти первому этапу таяния снега. Сейчас область постепенно входит в активную фазу половодья.

Основной приток воды ожидается:

- по реке Жабай — с 1 по 6 апреля
- по реке Калкутан — со 2 по 8 апреля
- по реке Есиль — в середине апреля

В этом году усилены все превентивные меры:

- объём взрывных работ на реках увеличен на 25%, количество участков — более чем на 50%
- работы уже проведены на ключевых направлениях, включая Атбасарский и Ерейментауский районы

Для контроля ситуации:

- организовано более 90 круглосуточных постов наблюдения

- задействовано 1,5 тысячи человек и около 1000 единиц техники
- ведётся мониторинг с помощью дронов, авиации и системы «Таскын»

Проведена масштабная подготовка:

- вывезено около 3 млн кубометров снега (в 1,5 раза больше, чем в прошлом году)
- очищены водопропускные сооружения и сотни километров арыков
- на опасных участках уложены тысячи мешков с инертным материалом
- сформирован резерв — ещё 250 тысяч мешков

Все службы работают в усиленном режиме. За каждым паводкоопасным районом закреплены ответственные подразделения для оперативного реагирования.

Ситуация находится на постоянном контроле.

Редакция газеты, материалы пресс-службы районного акимата



БЕКТАУ АУЫЛЫНДА ЕРИГЕН ҚАР СУЫНА
ҚАРСЫ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

2026 жылғы 1 сәуірде ауа температурасының күрт көтерілуіне және жылы ауа райының қалыптасуына байланысты қардың қарқынды еруі байқалуда. Салдарынан егіс алқаптарынан келетін еріген су көлемі артауда.

Осыған орай, Бектау ауылдық округі Мықтыкөл ауылында тұрғын үйлерге еріген қар суының кіруіне жол бермеу мақсатында алдын алу шаралары жүргізілуде. Қазіргі уақытта тұрғын үйлерге су кіру фактілері тіркелген жоқ.

Оқиға орнында тегтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мен аудан әкімдігінің өкілдері тиісті жұмыстарды атқаруда. Жұмыстарға 3 техника бірлігі (ДЭУ-86, «Шортанды су» МКК, «Дәлелхан» ЖК), 3 жұмысшы, ТЖБ-дан 2 қызметкер және жергілікті атқарушы органдардан 4 адам жұмылдырылған.

Барлық шаралар тұрғын үйлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бейбит Молдазиятов, «Shortandy News»

В СЕЛЕ МЫКТЫКОЛЬ ПРОВОДЯТСЯ ПРО-
ФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ ПРОТИВ
ТАЛЫХ ВОД

1 апреля 2026 года, в связи с резким повышением температуры воздуха и установлением тёплой погоды, наблюдается интенсивное таяние снега. Вследствие этого увеличился объём талых вод, поступающих с полей.

В этой связи в селе Мыктыколь, с/о Бектау проводятся профилактические мероприятия с целью недопущения попадания талых вод в жилые дома. На текущий момент фактов подтопления жилых домов не зарегистрировано.

На месте работают сотрудники отдела по чрезвычайным ситуациям и представители районного акимата, проводятся соответствующие работы. Задействовано 3 единицы техники (ДЭУ-86, ГКП «Шортанды су», ИП «Дәлелхан»), а также 3 рабочих, 2 сотрудника МЧС и 4 представителя местных исполнительных органов.

Все мероприятия направлены на обеспечение безопасности жилых домов и предотвращение возможных подтоплений.

Бейбит Молдазиятов, «Shortandy News»



КОГДА ПОМОЩЬ ПРИХОДИТ ВОВРЕМЯ

Жительница улицы имени Малика Габдуллина рассказала, как своевременная работа акимата помогла избежать подтопления

Весна в сельской местности всегда приходит не только с теплом и солнцем, но и с определенными трудностями. Особенно это чувствуется в населенных пунктах, расположенных рядом с лесом и на рельефной местности, где зимой скапливается большое количество снега. Именно о такой ситуации рассказала жительница сельского округа Бектау Маргарита Валерьевна Барабанова, чей дом находится на въезде в улицу имени Малика Габдуллина.

По её словам, каждую зиму здесь образуются огромные сугробы, а с наступлением весны вся талая вода со склонов и верхних улиц устремляется вниз — прямо к их дому.

— Мы живём рядом с лесом, и зимой здесь всегда очень много снега. А весной появляется другая проблема — огромные потоки воды. Наш дом находится первым на въезде, поэтому вся вода, которая стекает с верхних улиц, приходит именно к нам, — рассказывает Маргарита Валерьевна.

Женщина признаётся, что за годы жизни в этом месте она хорошо изучила характер весеннего таяния снега. Огромные снежные валы вдоль дороги могут буквально перекрыть пространство вокруг домов.

— Иногда зимой мы оказываемся словно в снежной коробке. Сугробы стоят стеной, и даже проезжую часть не видно. Весной же снег начинает таять буквально по минутам, и тогда появляется риск подтопления, — говорит она.

По словам жительницы, в этом году тревога за свою территорию появилась ещё накануне Наурыза. Но ситуацию удалось предотвратить благодаря своевременным действиям местных властей.

— Я была очень рада, когда увидела, что акимат начал работы по расчистке ещё заранее. До Нового года они уже приступили к подготовке. Это было очень важно, потому что иначе весной могла возникнуть серьёзная проблема, — делится Маргарита Валерьевна.

Особую благодарность она выразила трактористу и сотрудникам сельского акимата, которые в течение одного дня смогли выполнить большой объём работы.

— Обычно такие сугробы убирают два-три дня. Но в этот раз тракторист работал с самого утра до позднего вечера под контролем акима и всё сделали за один день. Я была искренне удивлена и очень благодарна, — говорит она.

Расчищенные дороги и подготовленные каналы позволили воде свободно уходить во время активного таяния снега после Наурыза.

— Когда началось потепление, вся вода сразу пошла по уже подготовленной территории. И тогда стало понятно, насколько важна была эта работа. Если бы её не сделали вовремя, могла бы возникнуть чрезвычайная ситуация районного масштаба, — отмечает жительница.

Маргарита Валерьевна уверена, что её слова благодарности поддержат и соседи по улице имени Малика Габдуллина, а также жители верхних

улиц, откуда стекает талая вода.

— Да, это их работа, но всё равно хочется сказать добрые слова. Спасибо за заботу и внимание к нашим сельским проблемам. Благодаря этой помощи мы встречаем весну спокойно и без тревоги, — говорит она.

Весна уже вступает в свои права. В лесу ещё долго будет лежать сугробы, но на улицах села жизнь постепенно возвращается в привычное русло. А для жителей самое главное — чувство уверенности и спокойствия, которое приходит тогда, когда проблемы решаются вовремя.

Бейбит Молдазиятов, редакция районной газеты «SHORTANDY NEWS»



“ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Шортанды ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік ұйымдастырылып, аудан тұрғындары туған өлкенің тазалығы үшін бірлесіп еңбек етті. Іс-шараға мекеме қызметкерлері, жастар, еріктілер мен белсенді тұрғындар қатысып, көшелер мен қоғамдық орындарды ретке келтіру жұмыстарына белсене атсалысты.

Сенбілік барысында ауыл көшелері мен саябақтар, қоғамдық аумақтар тазартылып, жиналған қоқыс арнайы орындарға шығарылды. Қатысушылар тек тазалық жұмыстарымен ғана шектелмей, туған жердің көркеюіне өз үлестерін қосу – әрбір азаматтың парызы екенін көрсетті.

«Таза Қазақстан» акциясының басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру, халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру және елді мекендердің тазалығын сақтау. Мұндай шаралар адамдарды ортақ іске жұмылдырып, қоғамда тазалық пен тәртіпке деген жауапкершілікті нығайтады.

Шортанды ауданының тұрғындары бұл бастаманы белсенді қолдап, туған жердің тазалығы әрбір азаматқа ортақ міндет екенін тағы бір дәлелдеді. Табиғатты аялау, қоршаған ортаны таза ұстау – болашақ ұрпаққа аманат.

Шортанды аудандық газетінің меншікті тілшісі



